



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

« 15 » 09 20 23 жылғы № 105  
Астана қаласы

**«Үздік мектепалды даярлау кабинеті»  
қалалық байқауын ұйымдастыру  
және өткізу туралы**

Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі – Әдістемелік орталық) 2023 жылға арналған жұмыс жоспарына сәйкес және білім беру ұйымдарындағы мектепалды сынып кабинеттерінің жабдықталуы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың қажетті шарттарына сәйкестігін анықтау, сондай-ақ мектепалды сынып педагогтерінің оң тәжірибесін тарату мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Үздік мектепалды даярлау кабинеті» қалалық байқауы меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарының мектепалды сынып педагогтері арасында 2023 жылғы 15 қыркүйек пен 2023 жылғы 27 қазан аралығында өткізілсін.

2. Қоса берілген:

1) «Үздік мектепалды даярлау кабинеті» қалалық байқауының (бұдан әрі – Байқау) ережесі 1-қосымшаға сәйкес;

2) Байқау комиссиясының құрамы 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әдістемелік орталық басшысының орынбасары А. Мухамеджановаға жүктелсін.

Басшы

С. Дауешова